

«Денсаулық сақтау саласы кадрларының біліктілігін арттыру және сертификаттау курстарынан өткені туралы құжаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 Бұйрығына. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 21847 болып тіркелді және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 78 Бұйрығына сәйкес. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 26 қаңтарда № 14740 болып тіркелді).

Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларына 6-қосымша.

"Денсаулық сақтау саласы кадрларының біліктілігін арттыру және сертификаттау курстарынан өткені туралы құжаттар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесі.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	«Ұлттық ғылыми медициналық орталық» АҚ
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	1) көрсетілетін қызметті беруші (көрсетілетін қызметті алушы тікелей жүгінген кезде);
		2) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz - www.elicense.kz (бұдан әрі - портал).
3	Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімі	көрсетілетін қызметті беруші: көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттарды тапсырған сәттен бастап - 3 (үш) сағаттан аспайды; құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - отыз минут; көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - отыз минут. портал арқылы - құжат тапсырылған сәттен бастап 30 (отыз) минуттан аспайды.
4	Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі	1) біліктілікті арттырудан өткені туралы: қосымша біліктілікті арттыру қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілікті арттыру туралы куәлік Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығымен бекітілген; 2) сертификаттық курстан өткені туралы: денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидалардың 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сертификаттық курс туралы куәлік.

		3) қосымша білім беруді аяқтамау туралы: Денсаулық сақтау саласындағы мамандардың қосымша және формальды емес білім беру қағидаларының 5-қосымшаға сәйкес қосымша білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтама.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	тегін
7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес сенбі, жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма сағат 13.00 - ден 14.00-ге дейін түскі үзіліспен сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін. Бұл ретте әрбір қызмет беруші жұмыс беруші Еңбек кодексінің 63-бабына сәйкес еңбек тәртібі қағидаларына сәйкес жұмыс режимін бекітеді; 2) порталда-жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	1) көрсетілетін қызметті берушіге: тікелей жүгінген кезде жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін); 2) порталға: электрондық түрдегі сұрату.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

10	Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.
----	---	--